

Жырымен жүректі жаулаған

ҚР – ның Мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы, сазгер Жұмағали Сүлейменұлының – 75 жасқа толған мерейтойы түрлі шаралар аясында жалғасуда. Арқалық көпсалалы колледжі ұжымы да «Жырымен жүректі жаулаған» деген тақырыпта, Жұмағали Өмірбекпен кездесу кешін өткізді. Шара барысында сазгер өз өмірбаянынан салқалы әңгіме өрбітіп, балалық шағындағы арманымен бөлісті.

Жұмағали Сүлейменұлы 1965 – 1968 жылдарда Амантоғай сегізжылдық мектебінде мұғалім болып жүргенде ақ тәрбиелеген шәкірттері көркемөнерпаздар байқауларында топ жарған. Кейіннен ол аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық



атқару комитеті төрағасының орынбасары, Торғай облыстық кітап саудасының директоры, облыстық Мәдени - ағарту және халық шығармашылығы ғылыми – әдістемелік орталығының басшысы, Арқалық қалалық мәдениет бөлімінің, С. Қожамқұлов атындағы облы-

стық сазды драма театрының, облыстық Мәдениет басқармасының, облыстық кинобейне басқармасының, облыстық «Дала өлкесі» тарихы мұражайының басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Осы саладағы мол тәжірибесін жастарға үйретіп, әлі де

«аттан түспеген» ағамыздың сазгерлік саласы бір төбе. Ж. Сомжүректің «Сал домбыра», Ә. Әбілғаевтың «Арқалығым, армысың!», Ғ. Қайырбековтің «Неткен сүйікті ең?!», Б. Қосымбаеваның «Азамат керек осындай», М. Жүнісұлының «Ауырма, жүрек, ауырма!» т.б. өлеңдерге әуендер жазған. «Қос толғау», «Мамыражай», «Ақынның оралуы», «Бабалар үні» деп аталатын күйлері де тыңдағанға ой салар тұшымды туындылар санатында.

Шара барысында сазгер осы ән – күйлерінің шығу тарихын баяндап, кей шығармаларын жастарға орындап берді. Жұмағали Өмірбектің өмірдегі, өнердегі сыйластары, көпсалалы колледж басшылығы өкілдері сөз алып, мерейтой несіне ақ тілектерін жеткізді.